

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

## БІРДЕ-БІР БАҚЫТТЫ МИЛЛИАРДЕРДІ КӨРМЕДІМ

2-бет




## ТІЛІМІЗГЕ ДЕГЕН ТАЛАП ТӨМЕНДЕМЕУІ КЕРЕК

5-бет



## СТАНУТ ЛИ КАЗАХИ ЕСТЬ ИСКУССТВЕННОЕ МЯСО?

13-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №6 (824), 15 aqpan, 2019




## КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ДАҢҚЫ АЙДАЙ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ

Биыл хан Кененің жарық дүниеден озғанына жүз жетпіс екі жыл толады екен. Сол бір азалы тарихи сәттердің өкініш уытын тарқатып, саябыр тапқызатындай-ақ уақыт сияқты. Бірақ халқы айға атылған арыстандай, азаттық жолындағы қан майданда азулы жауларының жағасын жыртып барып көз жұмған жаужүрек ұлын елегізіп әлі күтеді.

8-9 бет

# БАЙЛАР БАТЫР АНАЛАРҒА БАСПАНА АЛЫП БЕРСІН!



**Өткен апта өзекті өртеген өкініш пен бүкіл қазақтың қабырғасын қайыстырған қаралы күндерімен есте қалды. Астанада бес бірдей сәби, бес бірдей періште отқа оранып, тірідей күйіп кетті. Тұрмыстық тауқыметтен түнгі ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр болған ата-аналары бес бірдей бүлдіршінінен бір күнде айырылып, мынау мейірімсіз жалған дүние мен тасбауыр тағдырға лағынет айтып, сәбилерінің орнына құшағымен ауа қармап, аңырап қала берді...**

3 бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

# ЖҰРТШЫЛЫҚ МИНИСТРДЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТУГЕ ҚҰҚЫЛЫ

Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Астанада бес баланың өмірін қиған жойқын өрт мәселесінде кінәлі адамды іздеу дұрыс екенін, мұндай дүниені бей-жай қалдыруға болмайтынын айтты.

4 бет



## ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

6-7 бет

# ПАРАЛЛЕЛЬНЫЕ МИРЫ: ГОРОДА В НЕБЕ И В ГОСТЯХ У ПОДЗЕМНЫХ ОБИТАТЕЛЕЙ



Ныне развитие Вселенной и Земли достигло такого уровня, что признание и раскрытие параллельных миров будет актуально. С этим феноменом напрямую связаны глобальные изменения климата и планеты, о чем много материалов на сайте медиума Галии Кажигалиевны Керей по информации Небесных Сил...

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі - 65380

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

# БІРДЕ-БІР БАҚЫТТЫ МИЛЛИАРДЕРДІ КӨРМЕДІМ

**«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жеңімпаздарымен кездесу барысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жиналған қауымға «Еңбегіңмен тапқан табыс қана бақытқа жеткізеді» – деген ой тұжырымын жеткізді.**



«Жұмысты ең көп істейтін ұлт – Оңтүстік Корея. Баланы 5 жасқа дейін тәрбиелеу керек, одан кейін пайдасыз. Оны қоғам, балабақша, мектеп тәрбиелейді. Олар 5 жасқа дейін тиіспейді, ұрмайды. Ал одан кейін сөмкесін арқалап, өмір бойы таңертеннен кешке дейін жүреді. Жапондар да, корейлер де солай жұмыс істейді және «егер сен ана университетке түсе алмасаң, нашар өмір сүретін боласың» деп айтады. Мақсатты миына сіңіріп алғаннан кейін онымен күні-түні айналысады. Солай білімді, ең көп жұмыс істейтін ұлтқа айналды. Яғни, еңбектің арқасында», – деді Президент.

Мемлекет басшысы еңбексіз жеткен табыс бақыт болып саналмайтындығын баса айтты. «Бай ата-анадан мұра алуға болады. Бірақ, ол береке болмайды. Өмірде көрген, тәжірибелі адам ретінде айтайын, 10-20 млрд. ақшасы бола тұра бақытты болған бірде-бір миллиардерді көрмедім. Өзіне-өзі қол жұмсаған немесе түрмедегі миллиардерлердің тізімін де келтіре аламын. Бұл қаражат сені бақытты жасайтындай көрінуі мүмкін. Бірақ өз еңбегіңмен тапқан табыс сені бақытты қылады», – деді Н.Назарбаев. Елбасының бұл ұлағатты ойы жастарға үлкен сабақ болары сөзсіз. Бірақ, бүгінгі біздегі қайырымдылық жасаудан қашатын қалтырауық байларымыз бұл өсиетті қалай қабылдады екен...

# ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫЛАР ЖАЗАЛАНДЫ

**Астанадағы қайғылы оқиғадан кейін жұмысына жауапсыз қараған шенеуніктер сөгіс алып, кейбірі қызметінен қуылды.**

Елімізде өртке қарсы шаралар барынша күшейтілгенімен, нәтижесі көңіл көншітпейді. Өйткені, статистика адам шошытады. Ел аман, жұрт тынышта былтыр жүздеген адам қызыл жалыннан көз жұмған. Түрлі қойма, базарлар мен тұрғын үйлерде өрт жиі орын алады. Елімізде өрттің алдын алу мәселесі күрделі жағдайда. «Жыл сайын 15 мыңнан астам өрт тіркеледі. Былтыр тілсіз жаудан 846 адам зардап шекті. Оның ішінде 434-і қайтыс болды. Тікелей өрттен келген материалдық залал 3 млрд. теңгеден асты» – деді Ішкі істер министрі қызметінен Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болып кеткен Қалмұханбет Қасымов Үкімет отырысында. Ал Бақытжан Сағынтаев кінәні тұрғындардан іздеген Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин мен Төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы Владимир Беккерге қатаң сөгіс жариялап, оның орынбасары Барат Тұзақбаевты қызметінен босатты.

– Қандай тексерістер, қандай шаралар болды? Ол туралы сөз жоқ, Айтатындарыңыз бәрі керемет, бәрі жақсы. Қандай бақылау екенін көріп тұрмыз. Қазақта сөз бар «Баяғы жартас, сол жартас» деген. Тасқын болса су астында қаламыз. Қыс келеді үйлер өртеніп жатады, – деді ашуға бой берген Б.Сағынтаев. Бас уәзір отырыс соңында жауапты орындарға өртке қарсы шараларды күшейтуге тапсырма берді.

# КҮМӘНІ КӨП ЕСЕП-ҚИСАП

**Депутаттар инфляцияға қатысты есеп-қисапқа күмәнмен қарап отыр. Депутат Айқын Қоңыровтың айтуынша, шенеуніктер нарықтағы тауар мен қызмет құнын және тұтынушылардың сатып алу мүмкіндігін әдемі статистика үшін бұрмалап көрсетеді.**

Инфляцияны бір деңгейде ұстап тұрмыз деп мақтануға ерте. Ол қолдан төмендетілген. Шын мәнінде жұрттың қазіргі жағдайына сай келмейді. Азық-түліктің құны да дәл солай. Бағаның өсуіне жол бермеу үшін Үкімет қабылдап жатқан шаралар жеткіліксіз. Ұлттық банктің мәліметінше, былтыр инфляция 5,3 пайыз болған. Бірақ Қоңыровтың бұл көрсеткішке күмәні бар. Инфляцияны есептеудің әдісін өзгерту керек дейді депутат. Өйткені, Үкіметтегілер жұрттың азық-түлікке кететін шығынын толық қоспайды екен. Мәселен, шенеуніктер тұрғындарымыз ет пен сүт өнімдеріне табысының 10 пайызын жұмсайды деп көрсеткен. Шын мәнінде бұл шығын үш есе көп. Оның үстіне былтыр халық жиі тұтынатын ет, сүт өнімдері мен майдың құны қымбаттаған. Бірақ шенеуніктер инфляцияны есептегенде мұны мүлдем ескермейді дейді белсенді халық қалаулысы.

# АҚТӨБЕ ӘКІМІНІҢ БАҒАЛЫ БАСТАМАСЫ

**Ақтөбе қаласының әкімі Іліяс Испанов жергілікті шенеуніктер мен кәсіпкерлерге бір айлық жалақыларын көпбалалы, мұқтаж отбасыларға аударуды ұсынды.**



Ақтөбе қаласында мемлекеттік орган өкілдері мен коммуналдық мекеме қызметкерлері үш күн бойы «ашық есік күнін» жоспарлаған болатын. Енді оның уақыты тағы екі күнге ұзартылып, 15 ақпанға дейін тұрғындардың кез келген сұрағын тыңдауға шешім қабылданды.

Шаһар басшысы Іліяс Испанов түскен сұрақтар мен ұсыныстарды саралап, бұдан бөлек, кәсіпкерлер мен депутаттарға бір айлық жалақыларын мұқтаж отбасыларға аударуға бастама көтерді.

«Ашық есік күндері» кең көлемді акциясы аясында көмекке мұқтаж отбасылармен нақты жұмыс істеу үшін депутаттар, қоғам белсенділері және мемлекеттік құрылым өкілдерінен тұратын мобильдік топтар құрды, олар көмекке зәру азаматтардың тұратын мекен-жайларына барады. Қаладағы кәсіпкерлер, құрылыс компанияларының басшылары жәрдемді қажет ететін отбасыларға көмектесу шешімін қабылдады. Ал Ақтөбе қаласының әкімі Іліяс Испанов бір айлық жалақыны «Қолғанат Ақтөбе» қоғамдық қорына аудару туралы үндеу тастады. Үндеуге депутаттар, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйым өкілдері бірауыздан қолдау көрсетті.



# ЖАҢА ДЕПУТАТТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

**Бұрынғы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, бұдан былай Мәжіліс депутаты атанған Нұржан Әлтаев бір баланы асырауға айына 20 мың теңге жетеді деді. Тек ақшаны барынша үнемдеу керек дейді судай жаңа депутат.**

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымованың үш орынбасарының бірі болған Нұржан Әлтаев бұрын министрлікте халықты жұмыспен қамту және көші-қон мәселелерімен айналысқан болатын. Күтпеген жерден Парламенттен бір-ақ шыққан ол Мәжілістің Ауыл шаруашылығы мәселелері комитетіне мүше болып қабылданды. Өзі бес баланың әкесі ретінде әр балаға бағып-күтуге 20 мың теңге толығымен жетеді дейді. Ең бастысы – тек ақшаны үнемдеп жұмсау керек. Соған қарағанда, бұрынғы вице-министр, қазіргі депутат бес баласын миллионға жуық жалақысын үнемдеу арқылы бағып-қағып келген сияқты. Лауазымды шенеунік 20 мың мен 800 мыңның арасындағы айырмашылықты ажырата алмағанға ұқсайды.

# ЖЫНЫ ЖЫЛДАМ ЖАМАНҒАРИН ЖУРНАЛИСТЕРДЕН КЕШІРІМ СҰРАДЫ

**Өзіне сұрақ қойған БАҚ өкілдеріне «Жынымды келтірмеңізші» деп қойып қалған Ұлттық экономика вице-министрі Серік Жұманғарин енді сол сөзіне өкініп қалған секілді.**

«Кеше Парламентте айттым тарифтер туралы. Бұл жерде шағын бизнес туралы әңгіме болып жатыр. Сонда менен тариф туралы сұрауға келдіңдер ме? Ресми түрде келіңіздер, тариф туралы бәрін айтып беремін. Жынымды келтірмеңізші...» – деген Ұлттық экономика министрінің орынбасары Серік Жұманғариннің ертеңінде жыны басылып, жүні жығылып қалыпты.

Астанада вице-министр қатысқан жиында негізі шағын және орта кәсіпкерліктің жайы талқыланған. Бірақ, БАҚ өкілдерінің тағы да көпшілікті мазалаған тариф туралы сұрақ қойғаны атқамінердің жынын келтіріпті. «Соншалық оғаш жауап бергеніме өкінем. Сөзімнің қолайсыз айтылғанын мойындаймын. Сондықтан, тілшілерден ресми түрде кешірім сұраймын. Әлгі сұхбатта да ескерткен едім, тілшілердің білгісі келген сұрақтарына жауап беруге әзірмін» – деді С.Жаманғарин министрліктің баспасөз қызметі арқылы. Жыны жылдам болғанмен, жөн-жосықты білгені үшін шенеунікке журналистер де түсіністікпен қарамақшы.

# МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР КӨПБАЛАЛЫ АНАҒА ҮЙ АЛЫП БЕРДІ

**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының тұрғыны, көпбалалы ана Людмила Смағұловаға қайырымды жандар үй алып беріп қуантты.**

Людмила Смағұлова 7 баланы бір өзі тәрбиелеп отыр. 10 жылдан астам уақыт әркімнің босағасын panaлап жүрген. Көптен аңсаған баспанаға қайырымды жандардың көмегімен қол жеткізді. Тұрғын үйді сатып алуға «Біз адамбыз – біз біргеміз» қайырымдылық қоры көмектескен. Қор мүшелері ананың жағдайын көпшілікке жариялап, халықтан көмек сұраған.

Батыр ана мұң-мұқтажын елеген азаматтарға алғысын айтты.

# ТОПАН СУ БИЫЛ ДА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ

**Биыл 505 елдімекен топан судың астында қалуы мүмкін. Әсіресе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Қызылорда, Ақмола, Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарындағы ауылдарға қауіп төніп тұр.**



Ішкі Істер министрлігінің мәліметінше, 15 мың құтқарушы мен 2 мыңнан астам техника сақадай сай. Артық жанармай қоры, бөгеттерге қоятын қап, өзге де материалдар дайындалып жатыр. Бірақ, кейбір аймақтар дұрыс қамданбаған. Мәселен, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды, Павлодар мен Ақтөбе облыстарында қаржы жетпей айналма канал, су өткізетін дамбалардың құрылысы әлі аяқталмаған. Ал Түркістан облысында төрт өзеннің жағасы тазартылмапты. Осының бәрі су тасқыны кезінде қиындық туғызады. Сондықтан, премьер-министр қамсыз отырған әкім-қаралардың басымен жауап беретінін қатал ескертті. Негізі, Үкіметтің 2020 жылға дейінгі тасқынның алдын алуға арналған жол картасы бар. Оған сай, 174 дамба, 119 гидротехникалық қорғандар, 64 көпір салу жоспарланған.

№6 (824), 15 aqpan, 2019
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Өткен апта өзекті өртеген өкініш пен бүкіл қазақтың қабырғасын қайыстырған қаралы күндерімен есте қалды. Астанада бес бірдей сәби, бес бірдей періште отқа оранып, тірідей күйіп кетті. Тұрмыстың тауқыметтен түнгі ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр болған ата-аналары бес бірдей бүлдіршінінен бір күнде айырылып, мынау мейірімсіз жалған дүние мен тасбауыр тағдырға лағынет айтып, сәбилерінің орнына құшағымен ауа қармап, аңырап қала берді...**

# БАЙЛАР БАТЫР АНАЛАРҒА БАСПАНА АЛЫП БЕРСІН!



Осының алдында ғана Қызылорда облысында өрт салдарынан бір отбасы үш өрімдей баласынан айырылған-ды. Ол аздай Астанадан соң Павлодар облысында жүкті әйел күйеуімен және екі баласымен өз үйлерінде иістен уланып өлі күйінде табылды. Сол кезде үйінде болмаған екі қызы жетім қалды. Одан басқа осы тектес оқиғалар жылдар бойы тұрақты орын алып келгені белгілі. Дегенмен, Астанадағы қасіреттің жөні мүлдем бөлек болған секілді. Айдың, күннің аманында елді есінен тандырған ауыр қазаға қатысты БАҚ-та, әлеуметтік желілерде мыңдаған түрлі пікірлер айтылып, ешкім де бұл жантүршігерлік оқиғадан тыс қалмағанын көрсетті. Тіршіліктің қамымен ата-анасы түнгі ауысымға жұмысқа кетпегенде мұндай қайғылы жағдай орын алмас еді деген халық әлеуметтік желіні жарып жіберуге шақ қалды. Оған қоса Астана, Алматы, Ақтөбе секілді бірқатар қалаларда көпбалалы аналардың, жалпы жұртшылықтың шеруі өтті. Олар бірауыздан елімізде ана мен балаға деген қамқорлықтың өте төмен деңгейде екенін жеткізді. Баспанасыз пәтер жалдап жүрген аналардың бала-шағасына алатын мемлекеттік атаулы көмектің тым аздығын, несие қамыты қалжыратқандарын ашына айтты. Бұны да орынсыз дей алмаймыз. Халықты әлеуметтік жағына қорғауға тиісті министр Мәдина Әбілқасымованың бізде бес балаға айына 16 мың теңге көмек беріледі деп ширенгені қай жарылқағаны?! Соның өзін көпсінген кейіп танытты.

Ал, көпбалалы аналарға бөлінген мына сома киіндіру емес, бір апталық тамағына да жетпейді. Сонда М.Әбілқасымова өз жанынан, маңдай терімен тапқан теңгені беріп жатыр ма? Төлесе ол халықтың өзінің қаржысы. Министрге қарапайым адамдардың төбесінен қарап, міндетсінудің қажеті жоқ. Керісінше, халық оған «Сен біздің арқамызда миллион теңге айлық алып жүрсің, соған орай қызмет ет!» деп айтуға толық құқылы. Осыған қарағанда біздің биліктегілер өз қалтасы мен халықтың қалтасын ауыстырып алғанға қатты ұқсайды. Мемлекеттің яғни, халықтың қаржысын олар әкелері өздеріне басыбайлы ұстатып кеткендей сезінетін болды. Бұл жұмсартып айтқанда – шектен шыққандық.

Ол да ештеңе емес, Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпованың журналистердің «Көпбалалы ана қалай ғана түнгі ауысымда істеуге мәжбүр болды?» деген сұрағына беті бүлк етпестен «Ол оның өз таңдауы» – деп тіксіне айтқан жауабын қалай түсінсек? Бұл не деген қатыгездік? Әйелдің, ананың аузынан шығатын сөз емес қой. «Өлмесе өмірем қапсын!» дегені ме? Бес баласын ана өз «таңдауымен» өртегені ме? Ел тұрғындарын әлеуметтік жағынан қорғауға міндетті екі бірдей басшы осылысымен-ақ халықтың ашу-ызасын тудырғаны анық. Министр мен орынбасары біріне бірі өтіп тұр десек те артық емес. Халықты қорғау емес, қорлау министрлігін басқарып жүрген жоқ қой олар. Жұрт екеуінің де отставкаға кетуін талап етіп отыр. «Қоянның түрін көріп қалжасынан түңіл» демекші, мұндай лауазымдылардан жұрт алдағы уақытта да жақсылық күтпейді. Бірақ, халық айтты екен деп олар қызметінен кетпесі анық. Біздің биліктегілер «ел алдындағы бедел» деген ұғымды естеріне де алмайды. Өзге мәдениетті мемлекеттерде болса олар сол бірінші күні-ақ отсатавкаға бүкіл кабинетімен кетер еді. Бізде ондай шешім тарихымызда болып көрген емес. Артынан теуіп қуып шыққанша, түрмеге апарып тыққанша сол орында былшиып отыра береді. «Мен халық үшін не жақсылық жасадым, олардың сенімін ақтай алдым ба?» деген сұрақ ешқашан мазаламайды шенеуініктерді. Өйткені, оларда ар, намыс, жауапкершілік деген сезім атымен жоқ.

Лауазымдыларды былай қойғанда халықтың нақ жанашыры болуға тиісті депутаттар да биліктің бас шұлғушысы болып кеткен. «Кішкентай балаларын тастап түнгі ауысымға ол ана қалай кетіп жүр?» – деген 82 жастағы Мәжіліс депутаты, коммунистер фракциясының мүйізі қарағайдай серкесі Владислав Косарев мырза бүгін ғана аспаннан салбырап түсе қалған сияқты. Бес баласыз-ақ, 16 мың теңге айлық беріп, пәтерге жіберсе сіз сол аналардың орнында болсаңыз көшеге шығып қайыр сұрап кетер едіңіз. Осы заң мен бюджет жобаларларының бәрі бекіту үшін депутаттардың алдынан өтетіні белгілі. Көпбалалы аналарға 16 мың теңге көмек тағайындағанда сіз қайда болдыңыз, кәрілік қысып ұйықтап отырдыңыз ба? Ішкі істер министрлігі мен ҰҚК қарамағындағы қызметтік иттердің әр қайсысына айына 20 мың теңгеден аса қаржы бөлген кезде ойыңызға ештеңе алған жоқсыз ба? Мемлекетіміздің ертеңгі тірегі – балаларымыздың ит құрлы қадірі қалмағаны қаперіңізге келмегені көрініп тұр. Бұндай сұрақ қойғанша аузын буған өгіз сияқты үндемей қалу керек еді. Әлде қарапайым халықтың жүйкесін жұқартқыңыз келді ме? Олай болса біз де сіздерге бірнеше сұрақ қоялық түрлі құзырлы орында отырған, құрметті депутаттар. Не үшін 900 мың теңге айлық алып отырсыздар? Тегін баспана мен тегін қызметтік көлік, көмекші қызметкерлер не үшін беріліп отыр сіздерге? Бұдан да басқа пайдаланып жатқан жеңілдіктеріңіз туралы айтпай-ақ, «халық қалаулысы» деген атаққа сай келетіндіктеріңіз туралы ойланып көрдіңіздер ме?..

Депутат демекші, бұл орын алған оқиғаларға қатысты бұрындар талай лауазымды қызметтерді атқарған, бүгінгі күні сенатор дәрежесінде жүрген, осы алдымыздағы 26 ақпанда тұп-тура 66 жасқа толатын Бірғаным Әйтімова ханым өзінің жанашырлық пікірін білдірді. Онысына да рақымет!

«Әсіресе, мол пайда тауып отырған құрылыс компаниялары көмектесуі керек. Яғни, олар өздері салып жатқан тұрғын үйден көпбалалы аналарға пәтер берсін. Мемлекетіміздің әр аймағында осы шарауаны қолға алуымыз қажет», – деді сенат депутаты Бірғаным Әйтімова.

«Гламурный» шұлық киіп елді шулатқан сенатор игі істі өзінен бастасын. Жалпы, бізде Мәжілісте 107 депутат, Сенатта 47 депутат бар. Парламентте «бөтен» адам жоғын бәрі жақсы біледі ғой. Мандатқа ие боп отырғанның бәрі де ауқатты. Әр депутат бір көпбалалы отбасыға бір-бір пәтерден алып берсін. «Халық қалаулысы» деген жарымаған атақтарыңыз бар. Халық үшін нақты бір көмекті осылай көрсетіңіздер!

«Жастар кредитке өмір сүріп үйренсін» деген сенатор бұл ұсынысын батыр аналарымызға айтпағанына шүкір, әйтеуір.

Бірғаным Сарықызы! Ұзақ ойланудың қажеті жоқ. Кеше ғана «Қазақ үні» ақпарат агенттігінде «Сегіз баласымен отын қорада тұрып жатқан көпбалалы ана» туралы ақпарат жарияланды. Көпбалалы аналарға шынайы жаныңыз ашитынын нақты іспен дәлелдеңіз. Кәсіпкерлерге де, кәсіпкерлерден кедей емес депутаттарға да үлгі көрсетіңіз – осы отбасыға баспана алып беріңіз. Көрейік...»,- деп жазды «Қазақ үні» ұлттық порталы.

Сенатордың ұсынысы ұтымды, оған ешкімінің таласы жоқ. Бірақ Бірғаным Әйтімова одан әріге баруға батылы жетпеді. Мысалы, бізде қаншама долларлық миллиардер мен миллионерлер бар. Олардың аты бүкіл дүниежүзіне мәлім. Ким, Машкеевич, Ибрагимов, Шодиев, Құлыбаев, Өтемұратовтар секілді байлары бар елде көпбалалы аналардың баспанасыз, кисе киімге, ішсе тамаққа жарымай жүруі ұят-ты. Шетелден қымбат зәулім сарайлар, яхталар, тікұшақтар сатып алған байларымыздың өз тұрғындары үшін жаны ашымай ма? Әлде кімнің арқасында байығандарын ұмытып қалды ма? Европа оларды байлыққа кенелткен жоқ, керісінше ақшаларын сорып жатыр. Қазақстанда тапқан ақшаларын шетелге тықпай бір бөлігін осындай игі істерге жұмсаса сауап емес пе? Дәп содан миллиардтарының мұрты да бұзылмайды. Мұсылманның бес парызы – имандылық, бес уақыт намаз, ораза, қажылық, садақа екені белгілі. Соның ішінде садақаның сауабы мол.

Шынын айтсақ, біздің депутаттар мен әкімдер тақыр кедей емес. Жасыратыны жоқ депутаттарымыздың басым бөлігі ақша арқалаған бизнес саласы мен билік атты бәліштің дәмін татқан бұрыңғы әкімдіктерден келгендер. Солардың қайсысы бір көпбалалы анаға баспана алып беріпті? Оған қарағанда қалтасы тесік қарапайым халық ешкімді жерге қалдырмайды. Бұған осы соңғы оқиға дәлел. Көпшілік қолдан келген көмегін аяп қалмады, тиындап қаржы жинады. Мешіт жанынан ашылған қор халық жинаған ақшаға бес баласынан тірідей айрылған анаға үй сатып алып береміз деген ақпаратты бүкіл елімізге таратты. Әрине, бұл баспана алтын болса да енді бес баласының орнын толтыра алмайды. Бірақ несиеде отырған халықтың қолдауы мен жанашырлық таза ниетінің өзі неге тұрады десеңізші?! Сонда арам ақшамен байыған біздің шіріген байлар безбүйрек, тасбауыр болып кеткені ме? Әлде соншама байлықты өзімен бірге о дүниеге алып кетпекші ме? Осыдан-ақ кімнің кім екенін көруге болады...

Жер-жерде билікке талап қойылған жиындардың ең қарқындысы Астанада өтті. Ашынған әйелдердің арыз-шағымын тыңдау үшін келген Астана әкімінің орынбасары Ермек Аманшаевты батыр аналар сұрақтың астына алды. Тұрмыс тауқыметін тартқан аналар Үкіметке баспанамен қамту, балаларға арналған атаулы көмек көлемін көтеру, балаларға көлікте тегін жүру сияқты нақты 10 талап қойылған құжатты шенеуніктің қолына ұстатты. Шолпан Қырғызбаева, Ләззат Қарағойшина, Нұргүл Әбенова сияқты көпбалалы аналар талаптары орындалғанша тоқтамайтындарын ашық білдірді. «Мына жердегі барлық талап бұрыннан белгілі. Біз оған заң жүзінде қарап, өздеріңізге айтамыз» – деген Ермек Аманшаев 3 сағаттық кездесуден соң аналардың қыспағынан әрең сытылып шықты. Сонда шенеунік қандай заңды айтып жұрттың басын қатырып тұр. Біздегі 16 мың теңге беретін заңды меңзеп тұр ма? Өзі айтқандай, бұл талаптар бұрыннан белгілі болса осыған дейін түйткілді мәселені неге шешпеген? Әлде міндетті түрде адам өлімі немесе апат орын алып, айқай-шу шығару қажет пе?

Айта кетелік, аналардың ашынған ащы даусы құқық қорғау орындарына ұнамай қалыпты. Ертеңінде олар талап қойған аналардың үйіне барып, қысым көрсетпекші болған. Апырмау, сонда ол шенділер анадан тумаған ба? Ендеше, оларға бір кішкене түсінік бере кетейік. Мына дүниенің жарығын сыйлаған ана орны қашан да бөлек. Бәріміз де анадан туылғанбыз, ешкім аяғы салбырап аспаннан түсе қалған жоқ. Хан да, қара да тіпті данышпан да анадан жаратылған. «Жұмақ кілті ананың аяғының астында» деп тегін айтылмаған. Осы жерде өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында өз басымнан өткен мына бір жағдай еріксіз еске түседі. Оны ешқашан ұмытпақ емеспін. Біз бір жанұяда он бала туып өстік. Соның бірі кішкентей кезінде шетінеп кетті. Соғыстан кейін ел есін енді жиып, тұрмысын түзей бастаған ауыр кезең болғанмен, әрбір үйде кем дегенде 5-6 баладан болатын. Тойып тәтті жемесек те, бүгінгідей шетелдік киім кимесек те көңіліміз тоқ болатын. Әке-шеше, ата-әже, ауылдастарымыздың аялы алақаны мен жүрек жылуын сезіп өстік. Сол жылу жарты ғасырдан аса уақыт өтсе де, қоғамдық жүйе өзгерсе де бойымызда мәңгілік сақталып қалды. Адамдардың бір-біріне деген мейірімінде шек жоқ еді. Ешкімді шет қақпай, көмек қолын созуға кім де болса дайын тұратын. Ол уақытта медицина қазіргідей дамымаған. Бірақ дәрігерлердің ниеті таза, міндеттерін адал атқаратын. Кішкентай інімді анам Бану емдеткенмен, аман алып қала алмады. Айтайын дегенім, тоғыз баласы қасында топырлап жүрсе де анаға әр баланың орны бөлек екен. Ауылдың сыртындағы кішкентайы жерленген зират жаққа ұзақ қарайтын анам далаға шыққан сайын екі көзі жасқа толып оралатын. Мектептің бастауыш сыныбында оқып жүрсем де мен оны бала жүрегіммен сол кездің өзінде жете сезінген сияқтымын. Сол көрініс бүгіндер жетпістің желкесіне қараған шақта да көз алдымнан кетпейді. Ал, бес баладан бірден айрылуды Құдай ешкімнің басына бермесін, мен ондай қасіретті жауыма да тілемеймін... Ал саяси емес, тек қана әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсартуға талап қойған ананы олар жау көргені ме?..

Бізге өмір сыйлаған аналардың бәрі батыр. Себебі – ертең солардан туылған ұрпақтарымыз елімізді өркендетіп, жерімізді қорғайды. Олай болса ана мен бала мәселесіне неге жеткілікті назар аудармаймыз?..

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

# «ҚАЗАҚ ТҰЛПАРЫ» – БІЗДІҢ БРЕНД

**Жұмыс сапарымен Қостанайға келген «Ақ жол» партиясының жетекшісі, Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев «СарыарқаАвтоПром» және «АгромашХолдинг KZ» кәсіпорындарының еңбек ұжымымен кездесті.**

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барып, бірқатар өндіріс ошақтары мен кәсіпорын жұмыстарымен танысты.

«Қазақ тұлпары» ЖШС жұмысымен танысқан Азат Перуашевқа мекеме басшысы Диас Қоңыршин алдағы жоспарлар мен кедергілер туралы айтты.

– Бұған дейін барлық жағдай жасалып келген еді. Қаржылай көмек те көрсетілген. Өкінішке орай, оның барлығы тоқтады. Неге? Ол жағына тоқталғым келмейді. Ауыл шаруашылық саласында дұрыс жұмыс жасалмаған. Бірақ, әлеует бар бізде. Қазіргі уақытта бағдарлама бойынша 3 асыл тұқымды жылқыны сатып алмақпыз, – деді Диас Қоңыршин. Мәжіліс депутаты өз кезегінде қазақ жылқысына тек соғым ретінде ғана қарамау керектігін тілге тиек етті.

– Қостанай жылқысы жойылу алдында тұр. Небары 20 млн. теңгеге асыл тұқымды жылқыларды қалай өсіруге болады? «Қазақ тұлпары» – біздің бренд. Өзге елдерде осы бағытта жұмыс істейтін білдей бір министрліктер бар. Бізде Қостанай жылқысын сақтап қалумен айналысып отырған сіздер ғана, – деді Перуашев.





Азат ПЕРУАШЕВ:

## ЖҰРТШЫЛЫҚ МИНИСТРДЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТУГЕ ҚҰҚЫЛЫ

Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Астанада бес баланың өмірін қиған жойқын өрт мәселесінде кінәлі адамды іздеу дұрыс екенін, мұндай дүниені бей-жай қалдыруға болмайтынын айтты.

«Астанадағы трагедиямен қатар Қызылордада үш бала, екі күннен кейін Павлодарда бүтіндей бір отбасы қаза болды, содан кейін Шымкенттегі қайғылы оқиға. Көптеген миллиардтаған бюджеті бар қызметтер болса да, өкінішке қарай, өрт қауіпсіздігі, адамдардың қауіпсіздігі мәселесі бізде екінші орынға сырғып кетіп жатыр», – деді Перуашев.

Перуашев әрбір министр саясаткер ретінде өз сөзіне жауап беруі керектігін атап өтті.

«Әрбір шенеунік өз жұмысы үшін жауапкершіліктен бас тартпауы керек. Әбілқасымова 16 мың теңге көп деді. Меніңше, бұл үлкен қателік. Бірақ, бұл қателіктің жуырдағы трагедияға тікелей қатысы жоқ...Ол үй бұл сөзден кейін жанып кеткен жоқ, біз осыны түсінуіміз керек», – деді мәжілісмен.

Десе де, депутат Әбілқасымова министр ретінде әлеуметтік салаға жауапты екенін, сондықтан, халықты мазалаған проблемаларды Үкімет алдына қою қажеттігін қадап айтты.

«Ол Үкіметте отырған ойыншық емес. Мен Әбілқасымова ханымды құрметтеймін, бірақ министр ретінде ол әлеуметтік салаға жауапты. Сондықтан, халықтың талабы орынды деп санаймын. Министрді отставкаға кетіру керек пе? Жұртшылық министрден қандай да бір әрекеті үшін жауапкершілікті талап етуге құқылы. Әрбір министр өз саласына жауап беруі тиіс», – деді Перуашев.

Ол еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпованың «ата-аналардың түнде жұмыс істеуі – олардың таңдауы» дегеніне қатысты да пікірін білдірді.

«Ата-ана шарасыздықтан барып отыр мұндай қадамға. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі неге көп балалы ата-аналарды түнде жұмыс істеуге жібереді?», – деп ашуланды депутат.

Оның айтуынша, Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» фракциясы көп балалы отбасыларға төленетін әлеуметтік жәрдемақы, баспана мәселесін тағы да көтереді.

Перуашев өрт қауіпсіздігі мәселесі аймақтық емес, барлық өңірде кездесетін жүйелі проблема екенін атап өтті.

«Өртке қатысты айтар болсақ, бұл төтенше жағдайлар комитетінің тікелей жауапкершілігі. Отставка туралы сөз қозғасақ, ішкі істер министрлігінің төтенше жағдайлар комитетінің отставкасы туралы айтуымыз керек. Бұл олардың тікелей жұмысы», – деді депутат.

Естеріңізге сала кетейік, бір отбасындағы бес баланың өмірін жалмаған өрт Астанада Көктал-1 ауданында болды. Апалы-сіңлілі бес қыз түнде үйде жалғыз қалған, ата-анасы жұмыста болыпты. Өрт салдарынан 2006, 2009, 2014, 2016 және 2018 жылдары туған бес бала көз жұмды.

# АУЫЛДАН ҚАЛАҒА КӨШКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БАРАР ЖЕРІ ЖОҚ

**Мәжіліс депутаты Азат Перуашев кезінде ауыл жастарына жатақхана салу туралы ұсынысы әлі де өзекті екенін айтты.**

Депутаттың айтуынша, бүгінде республика бойынша әкімдіктерде баспана кезегінде тұрғандар саны 1,5 миллион адамға жетті. Тағы бір миллионы жеке үй салу үшін жер учаскесін алу кезегінде тұр. Ал қазір елімізде жүзеге асып жатқан бағдарлама бойынша жылына 100 мың пәтер салу жоспарланған.

«Яғни, баспана кезегінде тұрғандардың жалпы саны 2,5 миллион адам. Сонымен қатар әр жыл сайын ауылдардан қалаларға 200-300 мың адам қоныс аударады. Бұл 300 мың ешқандай кезекке ілікпейді. Өйткені, әкімдіктегі кезекке тұру үшін әкімдіктің «пропискасы» болуы керек немесе аз қамтылғандар қатарына жатуыңыз керек, яғни, мүгедек, көп балалы отбасы, жетім немесе ардагер болуың керек. Мұндай жастар олардың қатарына жатпайтыны түсінікті. Сондықтан, менің ауыл жастарына жатақхана салу ұсынысым осыдан туындаған болатын», – деп түсіндірді ол.

Ол «барак» емес, заманауи жатақхана салуды ұсынғанын қадап айтты.

«Ауылдан қалаға көшкен азаматтардың барар жері жоқ. Содан кейін жігіттер арба сүйреп, ал қыздарымыз жеңіл жүріске салынады. Олар біздің балаларымыз», – деді мәжілісмен.

Айтуынша, жылына 100 мың пәтерден салынса, 1,5 миллион адамның кезегі тек 15 жылдан кейін аяқталады. Ал бұл аралықта ауылдардан қалаларға 3 миллион адам көшіп келеді.

«Сонда осы үш миллион адамды қайда жібереміз? Олар 15 жыл бойы қайда тұрады? Қай жерде отбасын құрып, бала туады? Міне, бұл проблема әлі де өзекті және шешімін тапқан жоқ», – деді ол.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ КЕЗЕҢГЕ САЙ ДАМЫМАҚ

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту бағдарламасының аясында «Жаңа жаһандық кезеңдегі қазақ тілі» IT-тұсаукесер рәсімін өткізді. «Astana Hub» халықаралық технопарк алаңында өткен жаңа IT-жобалардың ресми тұсаукесеріне қоғам қайраткерлері, жазушылар, тіл мамандары, әдіскерлер және Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» фракциясының жетекшісі Азат Перуашев қатысты.**

Таныстырылым барысында ҚР МСМ Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы латын негізді қазақ әліпбиін үйретуге бағытталған заманауи инновациялық технологиялар ұсынды.

Сонымен қатар, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның тұлғалық энциклопедиясы, сондай-ақ Е.Омарұлы, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев сынды ғылым қайраткерлерінің ғылыми-танымдық еңбектері, Ә.Жүнісбектің «Қазақ тіл білімінің мәселелері», З.Күзекованың қазақ тілін оқытуға арналған деңгейлік оқулықтары, белгілі полиглот Д.Петровтың әдістемесі мен қазақ және ағылшын тілдерін үйретуге арналған оқу құралдары таныстырылды.

«Бізге Алаш институтының Дихан Қамзабекұлы, Сұлтан-Хан Аққұлұлы бастаған жетекшілері мен ғалымдары Әлихан Бөкейханның және басқа да Алаш қайраткерлерінің еңбектерін жинап, баспадан шығарсақ па деп ұсыныс жасаған еді. Осы орайда, біз Үкіметке бірнеше депутаттық сауалдарды жолдадық. Мәдениет министрлігіне ұсыныс жасадық. Бұл – мемлекеттік маңызы бар, мәні бар бастама. Нәтижесінде, міне, Мәдениет және спорт министрінің, сондай-ақ Қаржы министрлігінің қолдауымен бұл кітаптар жарыққа шықты. Меніңше, бұл да бір үлкен жетістік. Себебі, бұлар – Тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығашы деп айтсақ болады», – деп атап өтті тұсаукесерде сөз сөйлеген депутат Азат Перуашев.

Келген қонақтар мен қатысушыларға веб-порталдар мен платформалар, мобильді қосымшалар, іздестіру жүйелері, анимациялық фильмдер, энциклопедиялық, танымдық веб-сервистер көрсетілді.

# КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ АЙТАРЫ БАР

**Парламент Мәжілісінің депутаты Меруерт Қазбекова өзінің кезекті кездесуін «Атамекен» ҰКП Ақмола облыстық филиалында өткізді. Бұл жиынға Прокуратура, Антимонополиялық комитет, қоғамдық бірлестіктер, коммуналдық кәсіпорындар, кәсіпкерлер және монополиялық мекемелер өкілдері қатысты.**

Халық қалаулысы Елбасының коммуналдық қызметте бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, негізсіз бағаны жоғарылатудың болмауын тексеру мәселесіне назар аударды. Өңірде жылу және су бағасында біршама тарифтің төмендегені байқалып, ал электр энергиясындағы бағаның өкінішке орай азаймай отырғаны әңгіме өзегіне айналды. Әсіресе, бизнестің адымын аштырмайтын түстары төңірек қозғалды.

Ішкі нарықты қамтамасыз ету, монополиялық мекемелердің негізсіз тарифтерді көтеруі және тағы басқа мәселелер жайлы ойлар ортаға салынды. Әсіресе, электр энергиясы, жылу және су бағасында тарифтерді негізсіз баға көтерудің бар екендігі жөнінде мәселелер депутатпен өткір қойылып, монополияға қарсы комитет өкілдеріне сұрақтар қойылды. Прокуратура өкілдері аталған мәселеде тексерістердің жүргізіліп, электр энергиясы тарифі бойынша мәселе сотқа берілгенін атап көрсетті. Кездесу кезінде кәсіпкерлер өздерін толғандырған мәселелермен де бөлісті. Оны шешудің жолдарын қарастырып, депутаттың да бұған бей-жай қарамауын өтініп сұрады.

Жалпы, бұл жолғы кездесу мазмұнды өтті. Кәсіпкерлер де Парламент өкілінің өздерімен еркін әңгіме құрып, пікір алмасқанына риза болып тарқасты.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

**Экономикасы қуатты, ғылым мен білімі дамыған, заманауи өркениеттің көшін бастаған қандай мемлекет болса да, оның қол жеткізген табысы алдымен сол елде тұратын халықтың өзіне байланысты. Барлық жетістіктерді жасайтын да сол халық. Әр елдің мемлекетті құраушы негізгі өз ұлты болуы да заңдылық. Ал ұлттың бірінші белгісі – тіл болып табылатыны да талас тудырмаса керек. Олай болса, қазақ елінде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алып қана қоймай, кең қолданыста болуы өмірлік қажеттілік. Елімізде тұратын өзге ұлыстар мемлекет иесі – қазақ ұлтының төңірегінде топтасуы қажет. Ешкімге ұқсамайтын озық мәдениеті, салт-дәстүрі бар қазақ ұлты көш бастаушы міндетін атқара білгені жөн.**



# ТІЛІМІЗГЕ ДЕГЕН ТАЛАП ТӨМЕНДЕМЕУІ КЕРЕК

Өкінішке орай, кеңестік кезеңде қазақ тілі қолданыс аясын тарылтып, кенжелеп қалғаны жасырын емес. Одақ құрамында болған көптеген ұлттар орыс тілі жетегінде кетті. Оған сол кезде жүргізілген солақай саясат тікелей әсер еткені белгілі. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап тіл мәселесі бірден көтеріле бастады. Егемендіктің алғашқы жылдары барлық аймақтарда, қалаларда, тіпті ірі кәсіпорындарда «Қазақ тілі» қоғамдары құрылып, белсене жұмыс істеді. Кеңестік кезеңде саны мүлдем азайып кеткен қазақ мектептері, балабақшалар ашылып, сан ғасырлық тарихы бар ұлттық салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырды. Бұл бағытта арнайы заң қабылданып, түрлі бағдарламалар, жобалар ұсынылды. Шүкіршілік, қазір қазақ тілі негізгі ресми мемлекеттік тіл ретіндегі міндетін атқарып, қолдану аясын жылдан жылға кеңейтіп келеді. Соған қарамастан, қазақ тіліне деген талап ешқашан төмендемеуі керек. Ол тұрақты түрде дамытылып, басты назарымызда болғаны жөн.

Жыл сайын жаңарып, кең қанат жайып келе жатқан әсем Алматыдағы Алатау ауданының құрылғанына небары 10 жыл болды. Алып қаланың байырғы аудандарымен салыстырғанда, әлі де бала жасында десек болады. Соған қарамастан Алатау ауданы өзгелермен барлық көрсеткіштер бойынша иық тірестіре алатындай жағдайда десек қателеспейміз. Бұрынғы облыс көлемінде болған ауылдардың басын біріктіріп, қала дәрежесіне жеткізу оңай шаруа емес. Асфальт жолдар салынып, су, газ, кәріз құбырлары жүргізіліп жыл сайын күрделі қаржы игеріліп жатыр. Бір ғана экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдай ғана емес, аудан тұрғындарының мәдени деңгейін көтеруге де үлкен көңіл бөлініп келеді. Кейінгі жылдарда бой көтерген «Алматы арена» мен Дәстүрлі өнер театры қазір бүкіл алматылықтар мен оның қонақтарының сүйікті орнына айналды.

Алдында айтқанымыздай, осының бәрі қала халқының еңбегі. Оның басым бөлігі өзіміздің қара көз қазақтар. Сондықтан, ұлттық өнер мен мәдениетімізді дамыту – алғы шарттардың бірі. Тұрмысымыздың сан саласын айтпай-ақ, тек қана тіл мәселесіне тоқталсақ деймін. Тіліміздің сақталуы мен дамуына алдымен мемлекеттік органдар жауапты. Бұл бағытта белгілі бір дәрежеде тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, Алатау ауданында соңғы кезде атқарылған бірқатар шараларды атауға болады. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру мақсатында ауданда және қала көлемінде көптеген істер атқарылды. Былтырғы мамыр айында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің концерт залында «1 – мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекесіне орай «Тіл – татулық тірегі» атты фестиваль өткізілді. Аталған іс-шараға ауданымыздағы Ұйғыр этно-мәдени орталығы және «Эрзи» би тобы қатысып, дипломдармен марапатталды.

Көп тіл білу – бүгінгі заман талабы. Осыған орай елімізде үш тілді меңгеру бағдарламасы қолға алынғаны аян. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген жастар арасында «Тіл дарын» қалалық байқауы өткізілді. Қатысушылар 3 кезең бойынша сынға түсті Алатау ауданынан 3 үміткер қатысып, Қасенова Дания І-орынды иеленді. Осы бағдарлама аясында Тілдерді дамыту басқармасының 2018 жылға арналған жоспарына сәйкес «Пушкин оқулары» атты қалалық іс-шара өткізілді. Аталған байқауда Алатау ауданы атынан Садуақасова Анель, Жанашова Аружан, Шекетай Ақниет, Темірболат Мұхамеджан қатысып алғыс хаттар мен естелік сыйлықтарға ие болды.

Қазір қазақ тілін жетік меңгеруге еліміздегі өзге ұлт өкілдері де ынталы екені байқалады. Қыркүйек айында




Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасы мемлекеттік тілді меңгерген этнос жастары арасында «Тіл – парасат» қалалық байқауы өткізілді. Байқауға Алматы қаласының 8 ауданынан 19 үміткер қатысты. Алатау ауданы атынан өзіміздің тұрғындар – Халықаралық қазақ-қытай тілдері колледжінің 2 курс студенті Александра Пономаренко, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетінің 1-курс студенті Айгүл Яркул қатысты. Яркул Айгүл конкурста бас жүлдені жеңіп алды. Сол сияқты ауданның этнос өкілдері арасында «Абай оқулары» қалалық байқауы өткізілді. Алатау ауданының намысын қорғаған 2 үміткер ынталандыру алғыс хаттарымен марапатталды.

Қазақ тілін жаппай меңгеруде осы саладағы мұғалімдердің алар орны ерекше. Жастардың ана тілін барынша жетік білуіне ұстаздар үлкен үлес қосып келеді. Былтыр қазан айында Алматы қаласы тілдерді дамыту басқармасы Білім басқармасымен бірге мұғалімдер күніне орай «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» қалалық байқауы өтті. Байқауға Алатау ауданындағы мектептерінің қазақ тілі пәні мұғалімдері де белсене қатысты.

Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 18-мамырдағы №2/163 қаулысымен бекітілген 2016-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына» сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Ана тілім – ән жырым» қалалық байқауы ұйымдастырылды. Бұл байқау үлкен мерекеге айналды десе де болады. Бірнеше айға созылған қалалық байқауда Алатау ауданының қатысушылары Ақбаева Нұршат «Толғауы терең жыр – терме» номинациясы бойынша бас жүлде, Қалиев Қажымұқан «Сұлу сазды әсем ән» номинациясы бойынша 2 жүлделі орынды, Сағынаев Нұрлан «Мағыналы, ойлы көркемсөз» номинациясы бойынша 3 жүлделі орынды иеленді.

Алматы қаласында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келген Алатау ауданы 2018 жылдың қорытындысы бойынша 2 орынға ие болды. Оның ішінде құжат айналымы, қазақ тілі курстарына қатысуы және байқаулардың нәтижесі де есепке алынды.

Кеңестік кезеңде тек қана тіліміз ғана қысым көріп келген жоқ, көптеген елді мекендер мен көше атаулары да орысшаланып кеткені белгілі. Тарихи шындық орын алмаған жерде әділдік бар деу қисынсыз. Бұрмаланған тарихымызды қалпына келтіру ұлтымыздың жүріп өткен ұлы жолын кейінгі келер ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу бүгінгі біздердің міндетіміз. Оған қоса кейбір атаулар қала бойынша қайталанып келді. Халықтың өтініші бойынша және Ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Алматы қаласы әкімдігінің қаулысы мен Алматы қаласы маслихатының шешімімен Алатау ауданы бойынша көптеген көшелер атауы қазақшаланды. «Алғабас – 1» шағын ауданы — «Нұркент», «Алғабас – 2» шағын ауданы — «Ботакөз», «Алғабас – 3» шағын ауданы — «Ақмаржан», «Алғабас – 4» шағын ауданы — «Ғажайып», «Алғабас – 5» шағын ауданы — «Дарабоз», «Алғабас – 6» шағын ауданы — «Зерделі», «Заря востока» шағын ауданы — «Шапағат», «Құрылысшы» шағын ауданы — «Самғау», «Трудовик» шағын ауданы — «Томирис» болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 10 шілдедегі қорытындыларының негізінде Алатау ауданы бойынша «Алғабас» шағын ауданында – 56, «Боролдай» шағын ауданында –18, «Мәдениет» шағын ауданында – 11, «Теректі» шағын ауданында – 15, «Әйгерім – 1»шағын ауданында – 6, «Өжет»шағын ауданында – 4, «Көккайнар» шағын ауданында – 3, «Шапағат» шағын ауданында – 5 көше атаулары қазақшаланып өзгертілді. Қазіргі уақытта «Алматы бас жоспары» ғылыми-зерттеу институты ЖШС-мен бірге атауы ауысқан көшелер бойынша үйлер санын анықтау жұмыстары жүргізілуде.

Аудандық әкімдік пен мектеп, балабақша сияқты мемлекеттік мекемелер тарапынан қыруар жұмыс жүргізілгенмен қазақ тілін қолдану жүз пайыздық көрсеткішке жетті деп айтуға әлі ертерек. Бұл бағытта, күнделікті жұмыс барысында көптеген кедергілер де кездеседі. Тұрғындар арасынан тіліміздің мәртебесіне баса мән бермейтіндер де табылып қалады. Олармен де қосымша жұмыс жүргізу қажет. Кейбір мекемелерде құжаттар қазақ тілінде жүргізілмейтін кездері де орын алады. Әсіресе, көше бойындағы жарнама немесе көрнекі ақпараттар алаңдатады. Алатау ауданы бойынша көрнекі ақпараттарды дұрыс орнатпаған, қазақ тілінде қатесі бар немесе қазақ тіліндегі аудармасы жоқ мекемелермен жұмыс жасалып, аудандық сауда орындары мен мекеме басшыларымен жиналыс өткізіліп, ескертпе хаттар табысталды. Өткен жылда аудан бойынша 40 қателері бар, қазақ тілінде аудармасы жоқ көрнекі ақпараттардың қателері түзетіліп, ауыстырылды. Бұл жұмыста заңның жұмсақтығы қолбайлау, оларға қателерін түзетуге бір жылдық мерзім көзделген. Оған дейін айыппұл салуға болмайды. Қатаң шара қолданбаса кемшіліктерді түзетуге ұзақ уақыт керек. Осы бағытта телеарналар сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі аса қажет. Оған қоса тұрғындарымыздың тілімізге деген жанашырлығы мен белсенділігі керек. Әрбір адам осы бір ортақ іске өз үлесін қосса тіліміздің тұғыры биік болар еді.

**Айжан БАУЫРЖАНОВА,**
**Алатау ауданы әкімдігі Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы**

*Алматы қаласы*

№6 (824), 15 aqpan, 2019

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ



### КИЕЛІ МЕКЕН ТАРИХЫ – КҮЛЛІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

«Тарихы бай, тағылымы терең Түркістанның еліміз үшін орны бөлек. Ол бүкіл Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Түркістан – қазақ елінің рухани жүрегі, қазақтың көптеген қабырғалы тұлғалары мәңгіге жай тапқан қасиетті қала. Осында жерленген 164 әйгілі тұлғаның 21-і ел басқарған қырандар, 30-дан астамы қол бастаған батырлар, ауқымды сөз бастаған билер. Түркістан тарихы – күллі қазақтың тарихы», – деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көне шаһардың алар орнының айрықша екендігін атап көрсеткен-ді.

Былтырғы жылы Мемлекет басшысының тікелей жарлығымен Түркістан облысының құрылғандығы айтулы жаңалық болған-ды. Осынау игі істің жүзеге асуының өзіндік себептері де жоқ емес. Бұл тұрғыда ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қасиетті Түркістанға деген мақтаныш сезімі әр қазақтың жүрегінде ұялаған. Түркістан – тек бізге ғана емес, күллі түркі жұртшылығына қасиетті әрі қадірлі мекен. Халқымызда «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Ясауи» деген сөз бар. Осындай сан алуан факторлар Түркістанды тұтас тұран додасының, түбі бір түркі жұртының рухани орталығына айналдырды. Түркі мемлекеттері Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени астанасы деп жариялағаны белгілі. Осыған орай мұнда ТҮРКСОЙДЫҢ қолдауымен 40-тан астам іс-шара өткізілді. Осының барлығы Түркістанды облыс орталығы деп жариялауымызға себеп болды», – деген еді.

Елбасы бекіткен бас жоспардың аясында Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың жетекшілігімен бүгінде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Нәтижесінде бүкіл елдің назарын өзіне аударған Түркістан күннен күнге көркейіп, ажарлана түсуде. Бұлай болуы да заңдылық. Өйткені, Түркістан – түркі әлемінің мәдени орталығы. Түркі жұртының тұмарына айналған Түркістанның бүгінгі мәдени тіршілігі турасында Түркістан облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы Асылхан Теміргханмен тілдесіп, оқырман қауымға тұщымды дүние ұсынуға тырыстық.

Түркістан облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы облыс көлемінде мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, мәдениет пен өнерді насихаттау, қазіргі заман талабына сай халыққа сапалы мәдени қызмет көрсету және жас таланттарға қолдау көрсету бағытында ілкімді істерді атқарып келеді. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мәдени саясатының аймақ көлемінде жоғары деңгейде орындалып келе жатқандығының айқын көрінісі екендігі сөзсіз.

«Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» деп заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтпақшы, ең басты құндылығымыз – мәдениетіміздің көшін ілгерілету үшін еліміздің әрбір өңірінде заман талабына сай мәдени нысандардың санын арттыруымыз керек. Бұл тұрғыда Түркістан облысы мәдени нысандарға бай екендігін ауыз толтырып айтуға болады.

Бүгінде облыс көлемінде 678 мәдениет және өнер мекемесі халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Атап айтқанда, 387 кітапхана, 251 клуб, 24 музей, 3 кәсіби театр, 7 саябақ, облыстық филармония, көркемсурет галереясы, «Оңтүстікфильм» мекемесі, «Түркістан сарайы» концерттік мекемесі халық игілігі үшін жұмыс істеуде.

Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілуіне байланысты театр, кітапхана, музей, цирк сынды 12 облыстық мәдениет және өнер мекемесі Шымкент қаласына берілген.

Облыс бойынша халықты ұлттық өнерімізбен сусындату мақсатында әртүрлі мәдени іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Әрі аталмыш шаралар аясында әлемдік мәдениет туындылары да көрерменге ұсынылады. Мәселен, былтырғы жылы, 4 республикалық, 27 облыстық деңгейдегі, жалпы клуб мекемелерінде 12798, кітапханаларда 16317, музейлерде 821 көпшілік іс-шара өткізіліпті. Мұндай шаралардың легі жыл басынан бері де өз жалғасын тауып келеді.

### ТЕАТР – МӘДЕНИЕТ МАЙДАНЫНДАҒЫ СҮБЕЛІ ІС

«Егер қоғамда жара болып жатса, оны театр емдеуге, не «бәрі жақсы болады» деп сендіруге тиісті емес, театр сол жақты саусағымен нұсқап көрсетуі керек. Сонда ғана қоғам алдындағы парызы өтеледі», – деген екен Михаэль Тальхаймер. Осындай қоғам алдындағы жауапты парызын өтеп келе жатқан түркістандық театрлардың да тындырған тірліктері мол.

Қашан да, жаңашылдыққа құштар өңірдегі үш кәсіби театрда 11 жаңа спектакль сахналанды. Сондай-ақ, жыл бойы 760-қа жуық спектакль қойылып, олардың барлығы дерлік көрерменнің көңілінен шыққан. Артистердің бір-бірімен тәжірибе алмасуына септігін тигізетін іс-сапарлар да аймақта жиі өткізіліп тұрады. Мәселен, бір ғана театр саласында 22 гастрольдік іссапар ұйымдастырылған.

Есігімізден енді ғана енген 2019 жылы да театр саласында ауқымды жоспарлар жетерлік. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында 12 жаңа спектакль сахналанып, аудандар мен қалалар, ауылдарға, облыстарға 30-ға жуық гастрольдік іссапарлар ұйымдастырылмақ.



Сондай-ақ, Татарстанда өтетін XIV «Науруз» Түркі халықтарының халықаралық театр фестиваліне қатысып, жүлделі орын иеленуді көздеп отыр.

Сондай-ақ, Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының 50 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өту де биылғы жылдың жоспарындағы жұмыс. Сонымен қатар, Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының директоры, суретші Бақыт Сраилов Түркияның Адана мемлекеттік театры сахналайтын Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» спектакліне қоюшы-суретші ретінде шақырылып отыр. Мұның өзі Түркістан облысының мәдениетіндегі жетістіктің көрінісі екенін айтуға тиіспіз.

Сондай-ақ, өңір мәдениетінің мерейін өсіріп жүрген мәдени ошақтың бірі – Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармония мен «Түркістан сарайы» десек артық айтқандық емес. Аталмыш мәдени орындарда былтыр жыл бедерінде 373 концерт және мәдени іс-шаралар өткізіліпті. Сондай-ақ, жиырмаға жуық гастрольдік сапарлар ұйымдастырылып, ұжым мүшелерінің кәсіби шеберліктерінің шыңдалуына септігін тигізген.

«Жаһандық заманауи Қазақстандық мәдениет» бағыты бойынша облыстың мәдениеті мен өнерін шетелдерге таныстыру мақсатында облыс өнерпаздары «Кастамону – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының аясында Түркия Республикасының Кастамону, Анкара, Ыстамбұл қалаларында өткен концерттерде өнер көрсеткен. Сонымен қатар Жапонияда және Балкан мемлекеттінде өткен бірқатар мәдени шаралардың да басы-қасынан табылған.

Түркістандық өнерпаздардың жеткен жетістіктері де жетерлік. Атап айтқанда, Финляндия, Швеция, Эстония, Ресей, Италия, Грузия, Түркия, Молдова, Қырғызстанда өткен түрлі жанрдағы халықаралық байқаулар мен фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарды иеленген.

